

Біздіңше, кейбір шет елдерінің қылмыстық кодекстерінде көзделгендей, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің мәтінінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар тізбесін кеңейту арқылы жаңа қылмыстық норманы бекіткен абзал. Біздің зерттеуіміз бойынша шет мемлекеттерінің көптеген мемлекеттерінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар нормалары кеңірек қамтылған. Бұл зерттеудің мақсаты құқықты-нормативті базаны зерттеп өзіміздің Ұлттық заңнамамызбен шет мемлекеттері арасында қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға байланысты заңдарға талдау жасап, елеулі проблемаларға назар аудару болып табылады. Осыған орай біз ұсынып отырған қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды жаңаша бекіту жолдары тиімді болмақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясы // <http://www.akorda.kz/kz>
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // <http://www.akorda.kz/kz>
3. Карпец И.И. Проблемы наказания: Наказание. Социальные, правовые и криминологические проблемы. - М.: Юридическая литература, 1973. - 285 с.
4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 4 // <http://adilet.zan.kz/>

Өсенова Б.Қ., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, Сер-41 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – э.ғ.м, аға оқытушы Төлеуұлы А.*)

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ «ҮШІНШІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ»

Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласындағы қарастырылған ең басты тапсырмаларының бірі – әлеуметтік-еңбек қатынастарының модельдерін қалыптастыру, жұмыспен қамту саласын дамыту болып табылады.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай, бірақ оны белсенді іздеуге және оған кірісуге дайын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Экономикалық әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты үш түрге бөлінеді:

- фракциялық жұмыссыздық;
- құрылымдық жұмыссыздық;
- циклдік жұмыссыздық.

Фракциялық жұмыссыздық – қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.

Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда қызметкер не өзінің кәсібіне (мамандығына) сұранымның жоқтығы салдарынан, не жұмыс алу үшін жеткілікті біліктілігінің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.

Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұранымның күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Осы себептен оны кейде сұранымның тапшылығына байланысты жұмыссыздық деп те атайды [1].

Жұмыссыздық нарықтық экономикада типтілік құбылыс. Себебі, жұмыс күшіне сұраным, оны сатып алуға жұмсалатын капитал көлеміне тәуелді. Сондықтан капитал көлемінің азаюы, жұмыс күшіне деген сұранысты төмендетеді. Мұндай жағдай, нарықтық экономикадағы қорлану заңының іс-әрекетінің нәтижесі объективтік заңдылық. Осы заңның нәтижесінде қосымша жұмыс күшін өндіріске тарту жай жүреді және капиталдың органикалық құрылымының өсуінің әсерімен

өндірістегі жұмысшылар қысқарады – нәтижесінде жұмыссыздар тобы пайда болады.

Жұмыссыздық қоғамға көптеген зиян келтіреді; инфляцияның өсуіне ықпал жасайды, сондықтан еңбекке қабілетті адамдардың бар бөлігі өнім өндіруге қатыса алмайды. Сөйтіп олар жұмыспен қамтылмағандықтан ақшалай жұмыссыздыққа ақы алады, осыдан барып мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі өсе түседі.

Жұмыссыздықтың экономикалық және әлеуметтік салдары:

- ЖҰӨ-нің көлемі қоғамның өзінің бар потенциалды мүмкіншілігін пайдаланғандағы көлемімен салыстырғанда төмендеуіне әкеліп соғады.

- Халықтың әр түрлі топтарының арасында жұмыссыздық шығыны бірдей бөлінбеуіне соқтырады.

- Жұмысшылар мамандығын төмендетіп (ескіреді), тіпті айырылып та қалады.

Жұмыссыздық негізгі себептері:


Неоклассикалық теория бойынша жұмысшылардың табыспен келіспеуі және төмен жалақымен жұмыс істеуден бас тартуынан қалыптасады.

Кейттік теория жұмысбастылық жиынтық ұсынысқа, тұтыну бейімділігіне және инвестициялар көлеміне байланысты болғандықтан пайда болады деп тұжырымдайды.

Маркстік теория бойынша қорланған капитал көлемі жанды еңбекте машина мен жабдықтарға қарағанда аз өседі [3].

Бүкіләлемдік экономикалық форумның деректері бойынша, әлемдегі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 12,5 пайыздан асқан. Бұл – 73 миллион қыз бен жігіт. Ал жастардың жүзеге аспай жатқан әлеуеті бұдан да жоғары. Өйткені, халықаралық еңбек рыногын зерттеп жүрген мамандардың пікірінше, қазіргі күні әлемдегі жастардың төрттен бір бөлігі немесе 300 миллион адам өздеріне ұсынылатын кез келген жұмысқа, тіпті олардың білімі мен мамандығына сәйкес келмейтін жұмыстарға баруға әзір тұрған көрінеді.

Бұған енді тұрақты жұмыс орны жоқ жастар мен аграрлық сектордағы маусымдық жұмыстармен қанағаттанып отырғандарды қосайық. Сонда планета жастарының жарым-жартысы өз өмірлеріне қажетті қаржымен қамтамасыз етілетіндей жұмысқа зәру болып отыр.




Сурет 1. Әлем бойынша жұмыссыздықтың таралу деңгейі

Статистика бойынша жастар арасындағы жұмыссыздықтың қарқынының өсуі Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдерінде кездеседі. Мұндағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 27 пайызды құрайды. Сарапшылардың пікірінше, нақты осы жағдай «араб көктемінің» оянуына елеулі ықпал етіп отыр. Азияда жағдай бұған қарағанда біршама тәуір болғанымен, бұл құрлықтағы жастардың алған білімі мен мамандықтары еңбек нарығындағы жағдаймен сәйкес келе бермейді.

Ал, Еуропада жұмыс іздеген жастар дайындығы мен еңбек нарығындағы жағдай айырмашылығы барған сайын ұлғая түсуде. Өйткені, жаңа кәсіптерге сай оқу үшін, жаңа білім алу керек, ол үшін ақы төлеу қажет. Бірақ, осындай қадамға барған жастардың өзінің ертеңгі күні қызметке орналасып кететіндіктеріне, білім алу үшін алған несиелерін ақтап шығатындарына сенім жоқ. Осы себептерге қатысты 2013 жылы бүкіл Еуроаймақ бойынша алғанда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі тағы да 24 пайызға өсе түскен. Бұл реттегі ең төменгі көрсеткіштер Австрия

мен Германияда 5 пайызды құрайды. Ал ең үлкен жұмыссыздық деңгейі Грекия мен Испанияда, Францияда қалыптасып отыр.

Еуропадағы көш бастаушы ірі елдердің бірі Францияда 2013 жылдың желтоқсан айында ғана 10200 адам жұмысынан айырылған болатын. Ал, 28 қаңтар күні Би-Би-Си телеарнасы Францияның еңбек министрлігінің мәліметтеріне сүйене отырып, осы елдегі жұмыссыздық көрсеткіші рекордтық жоғары деңгейге жеткендігін жариялады. Мәліметке қарағанда, қазіргі күні 3,3 миллион француз ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелген. Сөйтіп, Франциядағы жұмыссыздықтың ресми деңгейі 11,1 пайызға жеткен. Бұл деңгей 2013 жылғы жалпы көрсеткіштен 5,7 пайызға, ал желтоқсан айының көрсеткішінен 0,3 пайызға жоғары [4].



Ескерту: Халықаралық еңбек қатынастары институтының деректері негізінде әзірленді, Росстат

Сурет 2. Әлем бойынша жастардың жұмыссыздық деңгейі, пайыздық көрсеткішпен

Ресейде 15 пен 24 жас аралығындағы адамдардың 14 пайызы жұмыспен қамтылмаған. Мұның ішінде кеше ғана ЖОО қабырғасынан шыққан түлектерді еңбекпен қамту қиын мәселеге айналуға.

Осындай жағдайларға байланысты әлемде жастар арасындағы жұмыссыздық неғұрлым тез арада шешілуге тиіс аса маңызды міндеттердің қатарына қойылып отыр.


Өз еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне келер болсақ, 2015 жылдың 1 тоқсанында жұмыссыздардың жалпы саны 4556 мың адамды құрады. 2014 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда аталған көрсеткіш 8,4 мың адам немесе 1,8%-ға азайған.

Кесте 1. Жалпы жұмыссыздық және жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен

	Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	Жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен	
		15-24 ¹⁾	15-28 ²⁾
2015 жыл ³⁾			
I тоқсан	5,0	4,2	4,3
II тоқсан	5,0	4,4	4,5
III тоқсан	4,9	4,1	4,2
IV тоқсан	5,0	4,6	4,5
2016 жыл			
Қаңтар ⁴⁾	5,1	-	-


Ескерту: www.stat.gov.kz

ХЕҰ әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздар саны, 2016 жылғы қаңтарда бағалау бойынша 457,6 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі – 5,1% құрады. Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында 66,3 мың адам ресми тіркелген.



Ескерту: www.stat.gov.kz

Сурет 3. Тіркелген жұмыссыздар үлесі мен жұмыссыздық деңгейі, пайызбен



Ескерту: www.stat.gov.kz

Сурет 4. Жұмыспен қамтылған халық пен жұмыссыздар көлемі, мың адам

Осы арада статистика комитетінің мәліметінше, 15-тегі және одан жоғары жастағы экономикалық белсенді халық саны 9,1 млн адамды құрады. Өткен жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,4%-ға өскен.

Кесте 2. Жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық көрсеткіштері, мың адам

	2015 жылғы IV тоқсан ³⁾		
	мың адам	2015 жылғы III тоқсанға пайызбен	2014 жылғы IV тоқсанға пайызбен
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық	8 961,8	98,7	98,4
Жұмыспен қамтылған халық	8 510,7	98,6	98,4
Жалдамалы қызметкерлер	6 225,1	98,9	102,0
Өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер	2 285,6	97,7	89,7
Жұмыспен нәтижелі қамтылғандар	1 783,5	98,9	97,6
Жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар	502,1	93,6	69,7
Жұмыссыз халық	451,1	101,6	98,4
Экономикалық тұрғыдан енжар халық	3 632,5	100,8	101,2

Ескерту: www.stat.gov.kz

Осы жылдың қаңтар-наурыз айларында 8,6 млн адам немесе 15-тегі және одан жоғары жастағы халықтың 67,5%-ы жұмыспен қамтылды. 2014 жылдың 1 тоқсанындағы статистикамен салыстырғанда олардың саны 48,6 мың адамға көбейген.

Статистика бойынша, жұмыспен қамтылғандардың негізгі үлесі ұйымдарда қызметке тұрған. (85,% немесе 5,3 млн адам) Өздігінен жұмыспен қамтылғандар саны — 2,5 млн. Олардың ішінде 47,1%-ы ауыл шаруашылық саласында, 25,3%-ы сауда саласында, 9,1%-ы транспортты қызмет және 7,1%-ы транспортты қызмет көрсету саласында [5].

Қорытындылай келе, жалпы жұмыссыздық мәселелерін шешуде экономикаға мемлекеттің араласуы қажет және маңызды болып табылады.

Мемлекет жұмыссыздықты реттеуді негізінен төрт бағытта жүргізеді:

- Жұмыссыздарды жұмыспен қамту, оларға мамандығын жоғалтпау үшін еңбек биржасы арқылы кәсіби дайындықтардан және қайта дайындаудан өткізуге көмек көрсету.

- Әрбір әлеуметтік топтардың (әйелдер, зейнеткерлер, жастар) ерекшеліктерін толық есептеу үшін икемді еңбек нарығын қалыптастырып, оны осы жұмыстарды жүргізу үшін ынталандыру.

- Еңбек қатынасын құқықтық қамтамасыз ету.

- Жұмыссыздық зардабын шеккен адамдарды әлеуметтік қорғау.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы

2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6

3. Есенғалиева Қ.С. Экономика негіздері. – 2011.

4. <http://egemen.kz>

5. www.stat.gov.kz

Полевой С.В., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, экономический факультет, студент гр. МЭ-32

(Научный руководитель – м.э.н., ст. преподаватель *Перова Н.С.*)

КАЗАХСТАНСКОЕ ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЕ В ПОЛИТИКЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ: ОСОБЕННОСТИ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ НА НАЧАЛЬНОЙ СТАДИИ

Проблема диверсификации казахстанской экономики была очень актуальна все первое десятилетие XXI века, а в сегодняшнем она и вовсе не сходит со страниц экономических и политических новостных источников. Тем самым подчеркивается необходимость более продуктивной работы по этому направлению. Среди данных новостей все чаще звучит понятие «импортозамещение», которое подразумевает под собой экономическую политику, в рамках которой возможно решить многочисленные проблемные аспекты в выстраивании новой экономической модели республики в формате диверсификации.

Можно задаться вопросом: «Почему данный процесс происходит именно сейчас и почему так необходимо наискорейшее разрешение его наиболее проблемных аспектов»? И причин будет обнаружено множество.

В первую очередь это внешнеэкономическая «проблема импорта – экспорта». Необходимо отметить низкую удельную долю готовой продукции в казахстанском экспорте, и в противовес ей рост импортных показателей различных высокотехнологичных товаров. В условиях постоянной спекуляции на мировом рынке энергоресурсов, крайне сложно сохранять экономическую стабильность, рассматривая энергетическое сырье, как основную отрасль своей экономики. Недавний пример экономического кризиса в Венесуэле 2015 – 2016 годов, где доля доходов от нефтедобычи варьировалась около отметки в 90%, показывает крайне низкую рентабельность подобного подхода в любой временной перспективе, особенно, если страна де – факто не оказывает серьезного влияния на ценообразование. Не стоит также забывать и о более пессимистичных вариантах на рынках энергоресурсов, как их частичный переход на сланцевую нефть и газ, который начали США и негласно планирует начать Россия. Угроза для топливных производителей кроется и в «идее